

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР КЕҢІСТІГІНДЕГІ КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ

Мерсадықов Алтынбек Әлібекұлы

mersadykovkz@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы,
«7M03101– Әлеуметтану» мамандығы магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б.Ж. Смағамбет, ә.ғ.к., доцент

Жаһандық немесе ақпараттық экономиканың пайда болуы тез өңделетін және тиімді пайдалануды қажет ететін ақпарат рөлінің артуымен сипатталады. Ақпараттық нарыққа негізделген заманауи экономиканың ең басты ерекшелігі – оның жаһандық деңгейде таралуында. Жаңа типтегі экономика индустриалды экономиканың қарқынды дамуының жемісі болып табылады. Ол үшін ақпарат пен білімнің басымдылығы – айрықша белгі. Сол себепті де Мануэль Кастельс өз тұжырымдарында «өнеркәсіптік экономика өз мүмкіндіктерін тауысты» деп есептейді[1], сондықтан оны бұрыннан бар экономикалық жүйенің күйреуі ықтималдығын еңсеру үшін ақпараттық экономиканы құру арқылы өзгерту қажет екенін айтады.

Қазірдің өзінде ақпараттық дәуірде еңбек әлемінде түбегейлі өзгерістер орын алып жатыр. Қоғамда қалыптасқан жаңа мазмұндағы «еңбекке» өнеркәсіптік секторларда жұмыспен қамтудың қысқаруы, жоғары білім мен біліктілікті талап ететін қызмет түрлерінің өсуі тән. Демек «желілік қоғамда» кәсіби және техникалық жұмыс орындарының өсуінен, бұрыннан келе жатқан барлық басқа да қоғамдарға ортақ құбылыс теңсіздіктің жойылмайтыны анық болды. Керісінше қазіргі қоғамда әлеуметтік қабаттардың артуы мен әлеуметтік құрдымға бейім топтардың өсімі көбірек байқалады. Жұмыс уақытын қалыптастырудың икемділігі мен толық емес жұмыс күнінің артықшылығымен сипатталатын жұмыс күшінің өсуі – еңбек трансформациясының маңызды белгісі. Уақыт өте келе кәсіпкерліктің әлеуметтік функциясы да айқындала бастады. Кәсіпкерліктің әлеуметтік функциясы технологияның, техниканың, ғылымның прогресіне, өндірісті ұйымдастыруға, өнім сапасын жақсартуға және өндірістің шығындарын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді, демек адамзат пен жалпы қоғамның әлауқатының өсуіне негіз болады. Сондықтан қазіргі нарықтық экономикадағы кәсіпкер тұлғасы «жауапкершілік» ұғымымен тығыз байланысты. Ол тек адамның, дәлірек айтқанда, кәсіпкердің өзі үшін емес, мемлекет, қоғам, серіктестер алдындағы жауапкершілікпен ерекшеленеді. «Жауапкершілік» ұғымы адамның алдағы уақытта шешім қабылдау және іс-әрекет жасауын анықтайтын негізге тәуелділігінің қатынасы ретінде түсіндіріледі[2].

Ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап дамуының нәтижесінде «ақпараттық», «желілік қоғам» ғана қалыптасып қойған жоқ, оған қоса әлеуметтік өмірде жаңа құбылыстар пайда болды. Технология да қоғамның өміріне түрлі әлеуметтік өзгерістер әкеліп, бір жағынан пайдалы, бір жағынан қауіпті тенденцияларды қалыптастырды. Әлеуметтік өмірдегі ғылым мен технологияның өркендеуі арқылы жүзеге асқан ең пайдалы процестердің бірі – адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінің жеңілдеуі болса, ал ғылым мен техника дамуындағы ең қауіпті процестердің бірі – ақпараттық-телекоммуникациялық желідегі қылмыстардың жаңа түрінің шығуы еді. Сондай қауіпті процестің қатарына «кибербуллинг» құбылысы жатады.

Кибербуллинг – психологиялық қысым мен зорлық-зомбылықты білдіретін заманауи ұғым. Бастапқы мағынасы «буллинг» (ағылшын тілінен ауд. «bullying» – бұзақы, зорлықшы) қорлау, қорқыту, жәбірленушінің бойында қорқыныш сезімін тудыру дегенді білдіреді[3]. Кибербуллинг феномені – қазіргі таңда белсенді дамып келе жатқан ғаламтордағы девианттылықтың агрессивті түрі. Мұны психологиялық соққы берудің немесе қорлаудың

жаңа формасы ретінде қарастырғанымызбен[4], оның қолданылу аясы заманауи ақпараттық технологиялар арқылы киберкеңістікте жүзеге асады.

«Буллинг» туралы сөз ең алғаш 1905 жылы ағылшын психологы К. Дьюкстың аталған феноменді зерттеуінен басталды[5]. Кейіннен оның зерттеуі еуропалық ғалымдар еңбектерінің негізін қалады. XX ғасырдың 90-жылдарында буллинг туралы деректерді Д. Олвеус, Д. Лэйна, Е. Роланд, А. Пикас, П. Хайнеманн, Е. Мунте секілді ғалымдар жүйелеген[6]. XX ғасырдың 70-жылдары норвегиялық ғалым Дэвид Олвеус буллингті жан-жақты зерттеп, оны зорлық-зомбылық пен қорлаудың ерекше түрі ретінде анықтайды. Ғалым буллингтің ерекшелігіне бір немесе бірнеше адам тобының өзге бір немесе бірнеше адам тобына физикалық шабуыл жасауын және қысым көрсетуін жатқызды. Және аталмыш іс-әрекетте әлсіз адам немесе адамдар тобы өзін физикалық тұрғыдан да, моральдық тұрғыдан қорғай алмайтыны белгілі болды. Д. Олвеустің мәліметінше, буллингтің тағы бір ерекшелігі – оның белгілі бір уақыт аралығында үнемі қайталанып тұратыны мен өзара әрекеттесу субъектілері, яғни «жәбірлеуші» мен «жәбірленушінің» бір әлеуметтік топтың өкілдері екенінде[7].


Кибербуллинг туралы, оның салдары туралы білмеу және киберқауіпсіздік жайында мазмұнды білімнің болмауы, мұндай мәселемен күресуге психологиялық дайындықтың жоқ екені – жастар мен жасөспірімдер арасында осал топтардың көбеюіне алып келеді[8].

Кибербуллинг әр түрлі формада болуы мүмкін: қауесет тарату, адамды кемсіту немесе мазақ ету; нәсіліне, жынысына, дініне, мүгедектігіне, болмаса жыныстық ориентациясына байланысты психологиялық қысым көрсету; адамның келісімінсіз интим суреттерін немесе видеосын желіде жариялау арқылы әдейі ұятқа қалдыру, кек алу; адамды әлеуметтік тұрғыдан шеттету; әлеуметтік желінің профиліне қол жеткізіп, қолданушыны әлеуметтік желіден немесе ойын сайтынан ығыстыру[9]. Кибербуллинг құбылысының өмірдегі «шын» қорқытудан айырмашылығы виртуалды кеңістіктегі өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне байланысты.

Қазақстанда да «кибербуллинг» мәселесі – өте өзекті. Мәселен, 2021 жылы Қазақстанда ғаламтордағы кибербуллингтің 140 000 фактісі тіркелген. Оған қоса әлеуметтік желідегі кибербуллингтің кесірінен кибер-құрбандардың суицид жасауға дейін барғаны БАҚ беттерінде соңғы жылдары ашық жарияланды. Сол себепті қазақстандық әлеуметтік желілер кеңістігіндегі кибербуллинг мәселесін зерттеудің мақсаты – әлеуметтік деструктивтіліктің ерекше түрі ретінде кибершабуыл қалыптасуының әлеуметтік аспектілерін анықтау. Магистрлік диссертация аясында 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілген онлайн-сауалнамаға 250 респондент жауап берді. Деректерді талдау үшін SPSS статистикалық бағдарламасы қолданылды. Сауалнама Instagram, Facebook, Whatsapp әлеуметтік желілерінде таратылды.


Әлеуметтік-демографиялық сипаттама. Сауалнамаға 250 респондент қатысты, оның 100 ер, 150 әйел. Респонденттердің орташа жасы – 32 жас. Респонденттер жас ерекшелігіне байланысты 7 жас категориясына бөлінеді. Сәйкесінше 18-25 жас аралығы 11%, 26-30 жас аралығы 8%, 31-35 жас аралығы 10%, 36-40 жас аралығы 11%, 41-45 жас аралығы 13%, 46-50 жас аралығы 14%, 50-ден жоғары жас 34% құрады.

1-сурет. Респонденттердің жас тобы бойынша үлесі



Әлеуметтік сауалнамаға қатысқан респонденттер географиялық бөлініс бойынша: Ақтөбе облысы 6%, Шығыс Қазақстан облысы 2%, Жамбыл облысы 3%, Түркістан облысы 2%, Шымкент қаласы 3%, Қызылорда облысы 4%, Маңғыстау облысы 3%, Атырау облысы 9%, Батыс Қазақстан облысы 16%, Алматы қаласы 7%, Астана қаласы 39% және басқа да өңірлер 6% құрады.

2-сурет. Респонденттердің географиялық бөлініс бойынша үлесі



Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, «Желіде онлайн отырғанда бейтаныс адамдардан хабарлама келе ме?» деген сауалға респонденттердің 56% «сирек келеді», 29.6% «иә, жиі келеді», 14% «жоқ, келмейді» деп жауап берді. Ал желідегі таныстықты 52.8% қолдамайтыны, 36.8% қолдайтыны, 10.4% жауап беруге қиналатыны анықталды. Яғни қолданбалы әлеуметтанулық зерттеу нәтижесінде алынған деректер респонденттерге әлеуметтік желіде бейтаныс адамдардан хабарламаның көп келетініне қарамастан, олардың онлайн таныстықты қаламайтынын көрсетіп тұр. Шын мәнінде, бұның өзі респонденттердің желідегі қарым-қатынасқа күмәнмен қарайтынын және интернеттегі «қудалауға» ұшыраудан қауіптенетінін аңғартады.

Жалпы аталған мәселеге себеп – біріншіден, қазақстандық қоғамдағы дәстүрлі принциптер мен онлайн өмірге деген сенімсіздіктің арасында үлкен «корреляция» болу мүмкіндігі. Екіншіден, мұны әлеуметтік желіні қолданушының желідегі «өзін-өзі ұстау» этикасы, кибермәдениеттің қалыптаспауымен байланыстыруға болады. Өйткені респонденттер арасында «Кибербуллинг қандай себеппен жүзеге асады?» дейтін сауалға «сауатсыздықтан» деп жауап бергендер болды. Бірақ сауалнамаға қатысқан респонденттердің 91.2% – білімі жоғары. Үшіншіден, қазақстандық әлеуметтік желілер кеңістігіндегі қолданушыларға тән құбылыс – социофобия болуы ықтимал. Себебі «Сізді қорлайтын я намысыңызға тиетін хабарлама жазған адамға жауап қайтарасыз ба?» дейтін сауалға респонденттердің 40.6% «жауапсыз қалдырамын» десе, 27.7% «міндетті түрде кері жауап беремін» деді. Ал тек 16.5% ғана «заңға жүгінемін» деген нұсқаны таңдады.

Сонымен қатар «Интернетте адамды қорлайтын мазмұндағы хабарламаны кездестірдіңіз бе?» деген сауалға респонденттердің 9.2% «иә, бір рет болған», 28% «жиі болып тұрады», 37.2% «бірнеше рет болған» деп жауап берді. Соған қарамастан респонденттер «Сізді біреу интернетте қорласа, қайда жүгіну керегін білесіз бе?» деген сауалға 22.6% «жоқ, білмеймін», 36.7% «ол туралы ойланып көрмедім» деп жауап берді.

Ал «Әлеуметтік желі мен мессенджерлерде жеке басыңызды қорлаған адамдарға қатысты құқық қорғау органдарына жүгініп көрдіңіз бе?» сауалға респонденттердің 94% «жоқ» деп жауап берді. Себебі респонденттердің 66.5% киберкеңістікті құқықтық реттеу туралы ақпараттан бейхабар. Яғни зерттеу нәтижелері қазақстандық әлеуметтік желілер кеңістігіндегі кибербуллинг мәселесінің өзекті екенін және оны Қазақстанда құқықтық реттеу керегін көрсетеді. Себебі респонденттердің 51.2% «Сіздіңше, интернеттегі онлайн-өмірімізді қалай қорғай аламыз?» деген сауалға «заңға жүгіну арқылы» деген.

Сонымен қатар осы жерде мәселенің екінші қырына тоқталар болсақ, кибербуллингке жиі ұшырайтын кәсіби топтың да кімдер екенін және оның қандай себеппен жүзеге асатынын білуге болады. Әлеуметтік сауалнамадағы «Онлайн-қорқыту қандай себеппен жүзеге асады?» деген сауалға респонденттердің 53.6% «жоқ, мені ешкім қудаламайды», 20.2% «жауап беруге қиналамын» десе, 10.1% «кәсіби қызметке байланысты», 11.7% «әлеуметтік желіде белсенді болған соң» деп жауап берді. Демек бұл әлеуметтік желіде белсенді әлеуметтік желі қолданушылары мен ақпараттық алаңда қызмет ететін мамандық иелерінің «кәсіби қызметке байланысты» кибербуллингке тап болу қаупі жоғары екенін анық дәлелдеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. – М.: ГУ-ВШЭ, 2001.
2. Porat M., Rubin M. The Information Economy: Development and Measurement. – Wash., 1977.
3. Swearer S. M., Hymel, S. Understanding the Psychology of Bullying: Moving Toward a SocialEcological Diathesis-Stress Model // American Psychologist. 2015. № 70 (4). P. 344–353.
4. Cho S., Lee J.M. Explaining physical, verbal, and social bullying among bullies, victims of bullying, and bully-victims: Assessing the integrated approach between social control and lifestyles-routine activities theories. Children and Youth Services Review, 91, 2018, Pp. 372-382.
5. Brody N., Vangelisti A.L. Cyberbullying: Topics, strategies, and sex differences. Computers in Human Behavior, 75, 2017, Pp. 739-748.
6. Arora C. M. J. Measuring bullying with the life in School checklist // Patoral Care in Education. 1994. № 12. P. 11–15.
7. Olweus D. Bullying: What We Know and What We Can Do. Oxford: Basil Blackwell, 1993. 140 p.
8. Belsey B. Cyberbullying: An emerging threat to the «always on» generation. URL: http://www.cyberbullying.ca/pdf/Cyberbullying_Article_by_Bill_Belsey.pdf
9. Hinduja, S., Patchin, J. W. Cyberbullying: An exploratory analysis of factors related to offending and victimization // Deviant Behavior. 2008. № 2. P. 129–156.